

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OBJN4160>**Б. Сағындықұлы, Н. Қуатбеков**

Павлодар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.,

**ПОЭЗИЯДАҒЫ СЫРШЫЛДЫҚ ПЕН САБАҚТАСТЫҚ**

*Бұл мақалада М. Мұсағитовтың поэзиялық шығармасы алғаш рет сөз болып отыр. Әдебиеттанушы ғалымның еңбектері тарқатылып, шығармаларындағы сыршылдық пен азаматтық өлеңдеріне талдау жүргізіледі. Аталған тақырыптағы өлеңдерінің өзіне дейінгі шығармалармен үндестігі баяндалады. Сондай-ақ, ол өлеңдердің қазіргі уақыт талаптарына сәйкес келіп, өз мән-мағынасын барынша сақтап қалғандығы бекітіле түседі.*

*Мақалада ақын М. Мұсағитовтың өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ақындармен сабақтастығы нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Әсіресе, М. Жұмабаев шығармашылығымен идея, тақырып, мазмұн жағынан жақындығы екі жақты өлеңдерін талдау арқылы түсіндіріледі. Сонымен қатар мақалада А. Байтұрсынұлы, С. Сейфулин бейнесін ашарлық тұжырымдар бар. Әрі бұлардың барлығы ғылыми пайымдаулар арқылы тиянақталып отырады. Мақаланың жеке тұлғаның шығармашылығын танытудағы рөлі басым. Әрі есімі ұмытыла бастаған М. Мұсағитовтың өлеңдерін бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуді көздейді.*

*Кілтті сөздер: әдебиет, әдеби сабақтастық, әдеби процесс, алаш әдебиеті, ұйқас, өлең, поэзия.*

**Кіріспе**

Әдебиетті тек-түрге жіктеп, оның поэзиясын, прозасын, драммасын жеке-дара үкілеп отырсақ та, бар мүмкіндігін ашып бере алған жоқпыз. Бір қарағанда, қазіргі ғылыми сұранысты қанағаттандырудан құр алақан да емеспіз. Қазақ ғылымындағы гуманитарлық түс әбден зерттелу мен зерделенуден өтті десек болады. Гуманитарлық ғылымның филологиялық бағыты да бұл көштен қалыс қалмады. Әсіресе, әдебиеттану мен тілтаным барынша тиянақталды. Тіпті, олардың танымдық (когнитивтік), прагматикалық, тұлғатанымдық, салааралық, ғылымаралық, салғастырмалық ізденулерде де көш бастап тұрғаны даусыз. Ақын-жазушы шығармаларын,

олардың тілдік ерекшелігін, сөз қолдану шеберлігін, кейіпкер бейнелеудегі таптырмас әдіс-тәсілдерін, бір сөзбен айтқанда, тіл мен әдебиет саласын орталықтандырып тұратын стилистика саласы да мейлінше өзектендіріліп болды. Дей тұрғанмен осындай қомақты зерделеулерімізден тыс қалып қойған бір сүйем жайт бар. Жайт дегеннен гөрі, бір сүйемдік еңбегі бар замандастарымыздың еленбей қалғаны дер едік. Олар – Тәуелсіздігіміздің алғашқы бесжылдығында мәдени-әдеби дамуымызды қаламының ұшына іліктірген жандар еді. Дұрысы, жеке адам (ғалым).

**Зерттеудің нысаны:** Әдебиет іліміне шағын бір мақалалық дерекпен келіп-ақ, «ар ісінің» абзалына айналуға болады. Бірақ көп жағдайда мұндай тұлғалардың «әдебиет өмірбаянынан» орын алмай, бірден архив құжаттарына айналып жатуы да таңсық емес. Сондай арда тұтар тұлғаның бірі - Мұсағитов Мүсілім Айтқазыұлы.

**Зерттеудің пәні:** Егемен еліміздің алғашқы жылдарында жарқ етіп шыққан М. Мұсағитов қалың қауымға бірден танылды. Оның өзінде астана жұртынан қашық жатқан облыс өңірінде жүріп-ақ, қара өлең мен жыр-әнді, пьесалық қойылым мен публицистикалық мақаланы бір адамдай меңгеріп алды. Әрине, «мен білерге» салынып кеткен жоқ. Қайта, қолға түскен деректерді, ауыз әдебиетін, алашшыл әдебиет қорын толығынан пайдалана отырып, оны бар жан-тәнімен іске асырды. Ол сөз өнерінің барлық бағытына қалам сілтеді. «Қара өлеңге дес бермегем» деп мақтана, қиялай соқпаса да, оның жазған өлең-жырларынан өзіндік үні естілетін. Халық көңіліндегі мұң-шерді көрермен көңіліне жеткізудің амалы – драммадан да өзін іздеп тапқан еді. Халық тындаса «қазақ айтысын тындар, бағалар» деген оймен айтыстың жазба түріндегі өзіндік қолтаңбасын көрсетті.

**Мақсаты:** Мақалалық ізденіс жас ақын, әдебиетанушы ғалым М.А.Мұсағитовтың поэзиялық шығармашылығындағы талпынысын тарқатуды мақсат етті.

**Міндеттері:**

М. А. Мұсағитовтың қазақ поэзиясындағы орнын анықтау;

М. А. Мұсағитов өлеңдерінің құрылысын, ұйқас ерекшеліктерін меңгерту;

М. А. Мұсағитовтың сыршылдығы мен алаш әдебиетіндегі сабақтастықты таныту.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ш. Сатбаева мен филология ғылымының докторы С. Қорабаев пікірінше, «Мүсілімнің поэзиялық туындыларының дені – өлеңдер мен дастандар. Олардың тақырыптары да сан алуан. Жоғары адамгершілік парасат, адал достық,

әділдік, кішіпейілділік, халық, ел алдындағы азаматтық міндет жайлы асыл ойлар сөз маржанымен кестеленсе, махаббат, ғашықтық құштарлыққа арналғын сыршыл өлең жолдарынан асқақ сезім айқын сезіледі. Мүсілім өз шығармаларында адамның ішкі жан толғанысын, қуанышы мен қайғысын тебірене жарға қосады. Қысқа лирикалық өлеңдерінде мөлдір сезімнен айнымай, жүрегінде суымай кеткен махаббат иірімдерін, жанын кернеген сағыныш сазын білдіреді» [1, 11]. Шынында да, мұндай психикалық сезімді М. Мұсағитов серік етті. Ол «Қош, Сарыарқа» өлеңінде «Кеш. Тыныштық. Қош айтысып жолдамын. Қош арайлым, жалын құшақ қолдамын. Сарыарқаның ерке желін соңғы рет, Кеудеме алып, тілеп тұрмын қолдауын» деп, қоғамға «сары масаны» әкеледі:

Ызың қаққан Сарыарқалық сар маса,  
Бір тамшы қан алып қалшы жармаса.  
Сол тамшыны апарып қос өзгеге,  
Қуатымыз жатсын деймін алмаса.  
    Ұлың едім, ұланым деп таныған,  
    Құлың едім, кұланым деп таңдаған.  
    Сары далам сары алтыннан қадірлі,  
    Сен – тәңірім, мен Мүсілім тыңдаған.

Біраз жылға қош болғайсың туған жер,  
Қиналғанда қасіретпен жуған шер.  
Сені ойлаумен таңды тасқа соғармын,  
Өне бойдан шыққанынша буған тер.

Қарап отырсақ, М. Мұсағитов өзінің туған жерге деген сүйіспеншілігін барша жұрт жақсы көре қоймайтын сары масамен жеткізеді. Ол басқалар құсап, қансорғыш жәндікті қолымен көлегейлеп, немесе қатты соғып өлтіруді қаламайды. Керісінше оған үмітпен қарайды. Оның өз қанынан нәр алып, басқа біреуге, қажетсініп отырған біреуге, тасымалдаушы ретінде қабылдайды. Сондай-ақ, Сарыарқаның сары даласын ұлы адамзаттық қатарға қосып, пенде қызығар сары алтыннан қадірлі жағын жеткізеді.

Туған жерге қатысты М. Жұмабаевтың да өлеңі бар [2]. Мәселен, Мағжан тілі: Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде туған жер.  
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде

Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер» - деп келсе, Мүсілім сары маса емес, енді өзен боп сарқырайды:

Тәнім біреу, әлденеше жаным бар,  
Қаным – өзен, іше алсаңдар қанындар.  
Өртемендер, мен өргенсем бар ғалам,  
Күлге айналар, жалынымды танындар.

Ақын жаны нәзік. Ол енді табиғатпен сөйлеседі. Тағы бірде ол адами тұлға. Сондықтан «Түн суығына шыдамай от жағады». Бірақ оның басқа да мағынасы бар. Түн қорқыныштың символы, ал от жағу жарқын өмірге күштарлық:

Сыңғырлаған сиқырлы үннен алжастым,  
Сылдырлаған күлкі ізінен адастым.  
Сырт – құлаған жапырағы қайыңның,  
Жасын төкті, мен сонымен мұндастым.  
Күн жылуы құшағыма сыймайды,  
Түн суығы от жақпауға қоймайды.  
Сорлы әлемнің топырағы жанымды,  
Астаң-кестең бұздадағы тоймайды.

Төмендегі өлең жолдары, бір қарағанда, қазаққа таңсық емес жайт. Үлкендеріміздің аузынан естіп, аса көп мән бермейтін танымы мол тәрбиелі өсиеттің ақын аузынан шыққанына куә боласыз:

– Етпетіңнен жатпа, балам, дем алсаң,  
Жаныңмен жат, ой-дұшпанға қамалсаң.  
Ырым жаман етпетіңнен жатуға,  
Болмайды, - деп бабаң айтқан ойлансаң.  
– О, ұлы ана, өзің де рас, сөз рас,  
Шер толқытқан көңіл мұңлы, көзім жас.  
Жерге қарап жатқанымның себебі  
Дегенім пәс, жүрегім саз, өңім тас.

Қазақы ырымға жат дүниені ақын неге жанына жақын тартты? Мүмкін, себебін түсіндірер:

Жас басыммен етпетімнен жатқаным,  
Бұл фәниде ащы, тәтті татқаным.  
Мәңгілікте жатармын-ау шалқалап,  
Ол жатқаным – қалың ойға батқаным.  
Ал мына өлең жолдары ақын аманатын жеткізеді:  
Көзім тігіп тас сарайда жатармын,  
Аман ба деп келер ұрпақ, қатарым.  
Бірзығымыз – бір лап еткен жалын шоқ,  
Соны сақта – саған парыз артарым.  
Мүсілімнің «тас сарайы» Мағжан ақында «қара тас» еді:  
Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,  
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.  
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.  
Тапал, салқын, дым, қараңғы, үңгір, тар,

Есігімде мықты қара құлып бар.  
Кіп-кішкене терезелер темірлі,  
Мұндай үйде кімге естілер ащы зар!

Бір ғасырдың басында өмір сүрген Мағжан ақын мен сол ғасырдың соңында өмір сүрген Мүсілім ақынды салыстыру қос ақын өлеңдерінің тақырып жақындығын, өмірге көзқарастарының бірдейлігін, азаматтықтарын, қоғам сұраныстарындағы қарым-қатысын көрсететін әдеби процесс екендігі сөзсіз. Ал «Әдеби процесс – адамзаттың эстетикалық, рухани құндылықтарының толығуының тарихы» [3, 93].

М. Мұсағитов – сыршыл ақын. Мына бір өлеңде ақын сыршылдығы нәзіктене түседі. Онда қарапайым адамға тән ғашықтық та бар, сонымен бірге табиғат тылсымын танырлық арқа да (ақындық) бар. Табиғат тынысын тек ақын ғана жеткізе алса керек:

Мөлдiрейдi тұнған шық жапыраққа,  
Күн қанатын жайғанда атырапқа.  
Менiң-дағы жапырақ көздерiмде,  
Тамшылар тұр қарамай қапырыққа.  
Қия алмайтын қиналсаң да өмiр бар,  
Жия алмайтын жандансаң да көңiл бар.  
Досым саған ақтарайын сырымды,  
Сыя алмайтын кеудемде бiр үнiм бар.  
Ақтармасам жанды басқан жалынды,  
Кiм түсiнер қайғы қысқан жайымды.  
Орман тынып, өзен қашып, тас мүлгiп,  
Сұрағандай сен сияқты халымды.  
Бiр кездесiп ғашық болдым мәнгiлiк,  
Заман емес сүю, күю сәндiлiк.  
Жанарынан жарқ еткенде ақ сәуле,  
Аяз жылап, қараушы едi Күн күлiп.  
Мойын бұрмай елегiзген сезiмге,  
Бой бермеппiн шын сүйерлi төзiмге.  
Жаралаппын жазылмастай жарамды,  
Өрлiк деген не iстетпеген сезiмге.

Осы тұрғыдан келгенде, М. Жұмабаевқа қарата айтылған мына байымдаудың орайы келіп тұр. Оның үстіне М. Мұсағитов Мағжан ақынды жанына пір тұтты. Осыдан да болса керек, Мағжандағы нәзіктік оның бойына да жұғысты болды. «Мағжан – сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оны жүрегінен

жас пен қан аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Ол өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән-мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстың ішкі астарына үніледі. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды» [2, 233].

М. Мұсағитовтың қазақы тұрмысқа, қазақтық пен қазақты танытуға қатысты айтары бар. Екінші бір жағынан, бұл өлеңді ұл-қызымыз бен ана, әкемізді, тілі мен дінімізді әспеттеу деп қабылдау керек. Онда «Қазағымды танып ал» өлеңін толық тәмсілдейік:

Сары далада ойнаған еркіндіктің желі бар,  
Жауласқанын жайратқан сол даланың ері нар.  
Жылауы сол – досының ерітетін тоң мұзын,  
Ізғары сол – жауының қатыратын от жүзін.

Қазағымның ұлы бар ат жалында тыныққан,  
Елін, жерін қорғауда өзін-өзі ұмытқан.

Өз дегенім болады деп өзге ісіне көнбеген,  
Жиһаз толы сарайға белін бүгіп енбеген.

Қазағымның қызы бар тал шыбықтай майысқан,  
Жатса жүрсе елді аңсап, қабырғасы қайысқан.  
Нәзіктігі аумайды шынды басқан мұнардан,  
Беріктігі асады тасты тескен шынардан.

Қазағымның қарты бар ата салтын бұзбаған,  
Есерлікті көргенде жаны суып мұздаған.  
Самал соқса желкілдеп дана селеу сақалы,  
«Елмен көрген ұлы той» аузындағы мақалы.

Қазағымда ана бар шуағы жан жылытқан,  
Батырлар мен ақындар бауырында тыныққан.  
Бейіштегі сәбиін мың толғанып емізген,  
Қиналғанда мұң шағып күдайды да келгізген.

Қазағымның қастерлі иман тұнған діні бар,  
Бұзылмаған қаймағы, қасиетті тілі бар.  
Таусылмайтын күйі, сарқылмайтын жыры бар,  
Танымаған танып ал, білмегенің біліп ал!

Қазақтықтан әрі барсақ, алаш алдымыздан шығады. «Керегеміз ағаш, Ұранымыз Алаш» дейтін қазақтың бұл жолға өлең арнамаған ақыны аз-ау, сірә. Кер заман туған уақытта А.Байтұрсынұлы да қолына қалам алып:

Жазған сөз жаным ашып алашыма,  
Алаштың адасқан аз баласына.



Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым,  
Қараған «Қаратаудың» қаласына, – десе [4], «Не көрсем де алаш үшін  
көргенім, Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!» дейтін Мағжан ақын:

Қалын елім, қалың кара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер, алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын, – деген үгіті басым ой айтады.  
Мұндай бағыттағы жазылған шығармалар көп. Соның бірі С. Сейфуллиннің  
еншісінде. Ол өзінің досы туралы жазған бір естелігінде: «Әуелде үш айдай  
Ғабдолла бәріміз шынжыр кісенінде болдық. Адамшылықтың ары кеткен,  
зиялы адам суретіндегі құзғындардан көрмеген таршылық жоқ. ...үш-төрт  
күнде бір ғана нәр су татып, қараңғы, мұз, сұп-суық темір вагонда ай  
жарымдай болып, Омбыдан Семей барып, одан қайта Омбы алып келіп» деп  
келетін естелікте әр алаш азаматының көрген құқайы бар [5, 140].

Алаш жұрты мен алаштық ой түзім М. Мұсағитовта одан әрі  
дамьтылған. Бірақ онда жоғарыдағыдай адам айтса төзгісіз қара түнек жоқ.  
Қайта, қазіргі кездегі жарқын да кемел уақыт жырланған:

Алтай Каспий қоныс қылған жазығым,  
Түркістаным – алтын дінгек қазығым.  
Шөлің, көлің, орман, тау мен белдерің,  
Маңдайдағы тақыметім, қызығым.

Ықылымнан сормен сыңар туғанмын,  
Күнге барып құлдық кірін жуғанмын.  
Сақ, Гүн, Түркі беліндегі баласы  
Сен, жаса! – деп ердің белін буғанмын.  
Найза ұшы мен қылыш өті көргенім,  
Шөпшік еді қалқан етіп көргенім.  
Ту талақай қасқыр жұлыс айқаста,  
Алаш – ұран өлгенім де ергенім.

Ащы айқаймен ажал-шокпар арбасқан,  
Қабакты мұз, көкіректі қар басқан.  
Сақ, Гүн, Түркі қайда кеткен ерлерің  
Қазанаты бір тебініп жар асқан?!

Бұл, жоғарыда айтқанымыздай, бүгінгі күннің кейпі. Әйтпесе алаш  
азаматтары, ақындары кешкен қан құйлы заманға М. Мұсағитовтың да  
айтары анық:

Адам жолы аласарып,  
Төмен қарап кеткендей.  
Соқпағына су тосарып,  
Астынан кеп бүрккендей.

Баратын жер шамы ұзарып,  
Алдынан жел ескендей.  
Өне бойды ызғар қарып,  
Балағыңнан өткендей.  
Жаның тәннен ерте тұрып,  
Денеңе у сепкендей.  
Бәз біреулер айла құрып,  
Қанды ішке тепкендей.  
Мойын жарды кейін бұрып,  
Тосам біреу күткендей.  
Ақ сүтіме көк найза ұрып,  
Соған кегім кеткендей.

Алаш ардақтыларын М. Мұсағитов барлық шығармаларына арқау етті. Оларға арнап дастандық толғаулар арнады. Ал арнайы өлең жолдарымен төгілген «Алаш баласына» жолдарының орны бөлек:

Көк жүзінде өрнек бар саған арнап салынған,  
Бәз кезінде бейнет зар жалған қарап жалынған.  
Арыстанның аузында алты алаштың баласы,  
Перзенттері алланың күдіретімен алынған.  
Қияметтің күшіне өз ғұрпымен қараған,  
Аузы күйіп су ішіп қиынына жараған.  
Сынап қосқан қызыл қан от ойнаса алаулап,  
Қызуланып денесі ширатылып тараған.

Ақ уыздан сіңіріп дене бітім құраған,  
Не бір тарпаң асауды жалғыз қолмен бұраған.  
Алты алаштың баласы бақ, дәулетті бұрнағы,  
Ұлың бар ма бүгінде тілемсектен сұраған?

Поэзиялық шығармаларды ақтара отырып, кез келген ақынның тұжырымын философиялық деңгейге көтеруге болады. Осы жағынан келгенде, М. Мұсағитовтың да поэзиялық шығармаларының қай-қайсысының да айтары кең, берері мол дүниелер екеніне көз жетті.

Шағын мақала ақын өлеңдерінің ұйқастығын ғана іздеп қоймай (Бұл ақынның өлең жолдарында ұйқас жоқ деген сөз емес, қайта ұйқасты қуып, жеткізер мағынаның жоқтығынан қашқан ақын толғаныстары бар. Мұндай өлең түзу М. Жұмабаев өлеңдеріне де тән екендігіне талдау барысында көзіміз жетті), ондағы айтылар ойдың салмақтығын тарқатуды жөн санады. Сонымен қатар бұрынырақ өмірден өткен ақындармен, оның ішінде өткен ғасырдың алғашқы отыз жылында қалам тартқан ақындардың өлеңдерімен салыстыра беруді көзделді. Бұл өз кезегінде ақындар тұжырымындағы

сабақтастықты байқатты [6]. Бірін-бірі қуаттап жатқандығына тағы бір көзімізді жеткізді.

«Керілмей қолым бас жаққа жатыр созылып, Рахатқа баттым өліктей тыныш жазылып. Бойымда жүрген наркескен алтын балдағым, Алынар ма екен күндердің күні қазылып? деген Мүсілімнің басқа өлеңдеріне қосылмайтын, жеке тұрақтандыруға бейім, көбі төрт жолдан, бір шумақтан тұратын сөз саптаулар кездесті. Біз мұны өсиет өлең болып келетін шығармалар деп таптық. Бұл, бір жағынан, үлкендер айтар, бүгінгілер қабылдар өсиет сөздер сияқты. «Өсиет өлең – көпшілікке айтылатын уағыз, келелі кеңес түріндегі өлең. Адамдық парыз бен міндетті, ерлік-елдікті тұжырымдап, топтап айтады. ХУ-ХУІІІ ғасырларда ғұмыр кешкен қазақ ақын-жырауларынан бастап, Абайдан бергі ақындарға дейін өмір, қоғам, өнер жайлы өсиет сөздері бар. Кейде терме, кейде толғау, кейде жыр, үгіт-насихат, нақыл, ғибратты сөз үлгісінде келеді. Өсиет өлеңдерді ұрпақтан ұрпаққа айтып жеткізуші сөз атасының сырлы сыпатын сындырмай сақтауға тырысады. Ойы өткір, көркемдігі таңдай қаққызатын, ақиқаты айқын, ойып түсетін топтамалы толғау сөз ұрпаққа үлгі боп қалғандықтан, өсиет деп саналады» [7, 160].

### **Қорытынды**

Тақырып – жалпы ғылымдық мәселе. Кез келген шығарманың болсын, ғылыми мәтіннің болсын мән-жайын ашатын сол қозғалар жайттың тақырыбынан-ақ белгілі болып жатады. Бұл мәселені «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» жай, қарапайым мағынада түсіндіреді: «1) Лекцияның, баяндаманың, шығарманың, жазған еңбектің аты; 2) Шығарманың, еңбектің негізгі мазмұны» [8, 776]. Қалай болғанда да, М. Мұсағитов та өмірде болып жатқан мәселелерден алшақ кете алмады. Мүмкіндігінше, халық ойындағы түйткілді мәселелерді қозғап отырды. Адамның ішкі сезім күйіне, аласапыран пендешілік мінезді жеткізуге де барды. Бұл жайттың бәрі өлең тақырыптарының әр алуандығына алып келді. Бұл – бір. Екіншіден, Қ. Мәшһүр-Жүсіптің әдебиетті оқыту мәселелерін тілге тиек ете отырып айтқаны бізге де бағыт берер бағдаршам болды. Ғалым: «Сөз жоқ, бұл кітаптардың бірінде көп, бірінде аз десек те, әдебиетті оқыту мәселесі қамтылды. Біз бұл еңбегімізде аталған авторлардың ешқайсысын қайталамауды мақсат тұттық. Мектепте әдебиетті оқыту өте жауапты іс. Біз белгілі бір әдебиет, тіл сабақтарын қалай өткізудің жолдарын ұсынып отырмыз. Осы орайда кез келген тақырыпта сабақ өтуді қолға алмас бұрын мұғалімнің алдымен екі жайтты еске алғаны жөн. Оның бірі – сол аталған сабаққа кіріспес бұрын оқушілардың әдеби-теориялық дайындығы болуы керектігі. Атап айтқанда, шығармада орын алған эпитет, метафора, метонимия, кейіптеуді т.с.с. ажыра білерлік шәкірттердің әзірліктері болуы;

екіншісі - өлең мәтіні өтілерде әр оқушы алдында соның көшірмесі жатуы керектігі» дегенді алға тартып еді [9, 5].

Ғалым дәйексөзін келтіргенімізде поэзиялық шығармаларды қалай оқыту керек деген мәселені көтергіміз келіп отырған жоқ. Поэзиядан әдебиеттің теориялық мәселелерін талдаудың жолдарын ұсынуымыз да ойда жоқ. Айтайық дегеніміз – М. Мұсағитов өлеңдерінде де әдебиеттің теориялық сұранысына сай талдауды қажет ететін мәселелердің бар екенін жеткізу болды [10]. Және оның бәрі аға ғалымдардың талдауларынан басталғаны ақиқат. Ендеше, М. Мұсағитов өлеңдеріндегі «жазу тәсілдеріне» көз жүгіртейік, «Көркем әдебиеттің «көркем» болатындық шарттарын» білейік.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Мұсағитов, М. А.** Өмір – өткел. Өлеңдер мен зерттеулер. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1996. – 160 б.

2 **Жұмабаев, М.** Шығармалар. 3 томдық. Т. 1. – Алматы : «Білім» баспасы, 1995. – 256 б.

3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы : Қазақстан даму институты, 1999. – 752 б.

4 **Байтұрсынов, А.** Шығармалары : өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1989. – 320 б.

5 **Сейфуллин, С.** Бас томдық шығармалар жинағы. 5-том. Мақала, публицистика. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1988. – 304 б.

6 **Сағындықұлы, Б.** Жарқылдап өткен жасындай // «Сарыарқа самалы» газеті. – № 137. – 2014. – 18–19 б.

7 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 1996. – 240 б.

8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 968 б.

9 **Мәшһүр-Жүсіп, Қ.** Әдебиетті оқыту мәселелері. – Павлодар : «Brend Print» баспасы, 2011. – 466 б.

10 **Айтқазыұлы, М.** Өсиеттер бұлағы. – Алматы : «Үш қиян» баспасы, 2005. – 208 б.

### References

1 **Musagitov, M. A.** Omir – otkel. Olender men zertteuler. [Life – Bridge. Poems, research]. – Almaty : «the Science» Publishing House, 1996. – 160 p.

2 **Zhumabaev, M.** Shygarmalary. T. 1-tom. [Compozition. Vol. 1]. – Almaty : «the Learning» Publishing House, 1995. – 256 p.

3 Kazakh adebiyeti. Ensiklopedia. [Kazakhish literature. Encyciopedia]. – Almaty : Institute of development of Kazakhstan, 1999. – 752 p.

4 **Bainursynov, A.** Shygarmalary : olender, audarmalar, zertteuler. [Compozition : poems, translations, research]. – Almaty : «Zhazushy» Publishing House, 1989. – 320 p.

5 **Seifullin, S.** Bes tomdyk shygarmalar zhinagy. 5-tom. Makala, publisistika. [Seifullin, S. Five volume Compozition collection. 5- volume. Article, journalism]. – Almaty: «Zhazushy» Publishing House, 1988. – 304 p.

6 **Sagyndykuly, B.** Zharkaldap otken zhasyndai // [Soared like lightning]. Pavlodar: «Saryarka samaly» gazetі. – № 137. – 2014. – P. 18–19.

7 Adebiettanu terminderinin sozdigi [Dictionary of literary terms]. – Almaty : «The Native Language» Publishing House, 1996. – 240 p.

8 Kazakh tilinin tusindirme sozdiri [Dictionary of explanatory Kazakh language]. – Almaty : «Daik-Press» Publishing House, 2008. – 968 p.

9 **Mashhur-Zhusip, Kh.** Adebietti okhytu maseleleri [Probiems of teaching literary]. – Pavlodar : «Brend Print» Publishing House, 2011. – 466 p.

10 **Aitkazyuly, M.** Osietter bulagy. [Spring blessing]. – Almaty : «Three Incline» Publishing House, 2005. – 208 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

*Б. Сағындыкулы, Н. Куатбеков*

#### **Лиричность и преемственность в поэзии**

Павлодарский педагогический университет

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 28.08.20.

*В этой статье впервые речь идет о поэтическом произведении М. Мусагитова. А также собраны труды ученого-литературоведа, проанализированы стихотворения о героизме и гражданстве в его произведениях. Созвучие стихов до произведений по данной тематике, излагаются в себе. Также будет установлено, что стихи соответствовали требованиям современного времени и максимально сохранили свои смыслы.*

*В статье доказана конкретными примерами преемственность поэта М. Мусагитова с поэтами тридцатых годов прошлого века. В частности, творчество М. Жумабаева объясняется тем, что близость с точки зрения идеи, темы, содержания заключается в анализе двусторонних стихотворений. Кроме того, в статье имеются раскрывающие выводы об образе А. Байтурсынова,*

*С. Сейфуллина. Все это фиксируется с помощью научных соображений. Статья имеет большую роль в творческом проявлении личности. И, конечно же, эти стихи М. Мусагитова, которые стали забытыми, посвящены памяти сегодняшнего поколения.*

*Ключевые слова: литература, литературная преемственность, литературный процесс, алашская литература, ритм, стих, поэзия.*

*B. Sagyndykuly, N. Kuatbekov*

### **Lyricism and continuity in poetry**

Pavlodar pedagogical University  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 28.08.20

*In this article for the first time we are talking about the poetic work of M. Musagitov. And also collected the works of a scholar of literature, analyzed poems about heroism and citizenship in his works. Consonance of poems to works on this subject, set out in itself. It will also be found that the poems met the requirements of modern times and kept their meanings as much as possible.*

*The article proves by concrete examples the continuity of the poet M. Musagitov with the poets of the thirties of the last century. In particular, the creativity of M. Zhumabayev is explained by the fact that the closeness in terms of ideas, themes, content is in the analysis of bilateral poems. In addition, the article contains revealing conclusions about the image of A. Baitursynov, S. Seifullin. All this is fixed by scientific considerations. The article has a great role in the creative manifestation of personality. And, of course, these verses by M. Masagutova, which became forgotten, dedicated to the memory of the present generation.*

*Keywords: literature, literary continuity, literary process, literary Alash, rhythm, poem, poetry*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)